

ТАЛДЫҚОРҒАН ЖОҒАРЫ ПОЛИТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ



ZHETYSU FABLAB

зертханасы туралы

ЕРЕЖЕ



2026ж

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Талдықорған жоғары политехникалық колледжі» МКҚК жанындағы Zhetysu FabLab зертханасының қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

1.2. Zhetysu FabLab – цифрлық өндіріс, инженерлік жобалау, прототиптеу және инновациялық жобаларды іске асыруға арналған ашық зертханалық алаң.

1.3. Зертхана өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, колледж Жарғысын, ішкі тәртіп қағидаларын және халықаралық Fab Foundation талаптарын басшылыққа алады.

1.4. Зертхана колледждің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты

Білім алушылардың, педагогтердің және серіктестердің инженерлік-техникалық құзыреттерін дамыту және инновациялық жобаларды іске асыруға жағдай жасау.

2.2. Міндеттері

Цифрлық өндіріс технологияларын меңгерту;
3D модельдеу және прототиптер дайындау;
стартап-жобаларды қолдау;
WorldSkills, ғылыми-тәжірибелік конкурстарға дайындық;
өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

3. Fab Lab келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізеді:

3.1. Білім беру қызметі:
зертханалық және практикалық сабақтар өткізу;элективті курстар ұйымдастыру;

шеберлік сағаттары мен тренингтер өткізу.

3.2. Жобалық қызмет:

техникалық бұйымдардың прототиптерін әзірлеу;
пәнаралық жобаларды іске асыру;
байқаулар мен конкурстарға жобалар дайындау.

3.3. Инновациялық қызмет:

жаңа технологияларды сынақтан өткізу;
әлеуметтік серіктестермен бірлескен жобалар;
зияткерлік өнімдерді әзірлеу және енгізу.

4. Жұмыс режимі және қолжетімділік

4.1. Зертхананың жұмыс уақыты колледждің оқу кестесіне сәйкес белгіленеді.

4.2. Зертханаға кіру:

4.2.1. Зертханаға оқушылар, студенттер, оқытушылар және басқа да қатысушылар белгіленген тәртіп бойынша тіркеу арқылы қабылданады.

4.2.2. Зертханаға кірер алдында әрбір қатысушы қауіпсіздік техникасы бойынша міндетті нұсқамадан өтеді.

4.2.3. Нұсқамадан өткендігі және зертханаға кіргендігі тіркеу журналында тиісті белгі қою арқылы расталады.

4.2.4. Қатысушы тіркеу журналында жеке деректерін көрсетіп, қол қояды.

4.3. 18 жасқа толмаған тұлғалар тек жауапты маманның қатысуымен жұмыс істейді.

5. Жұмысты ұйымдастыру тәртібі

5.1. Fab Lab қызметіне зертхана меңгерушісі (үйлестіруші) басшылық етеді.

5.2. Зертханада жұмыс істеуге:

колледж білім алушылары;
педагог қызметкерлер;
келісім негізінде сыртқы мамандар жіберіледі.

5.3. Жұмыс:

оқу кестесіне сәйкес;
бекітілген қосымша кесте бойынша жүзеге асырылады.

5.4. Пайдаланушылар:

қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтан өтуге;
жабдықтарды дұрыс пайдалануға;
зертхана мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

6. Қаржыландыру

6.1. Fab Lab қызметі:

колледж бюджеті;
гранттық қаражат;
серіктестік келісімдер;
заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

6.2. Шығыс материалдары белгіленген тәртіппен есепке алынады.7. Фото/бейне және жариялау саясаты

7.1. Жобалар нәтижелері білім беру және ақпараттық мақсатта колледждің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жариялануы мүмкін.

7.2. Фото/бейне материалдар жарияланған кезде авторлық құқық және жеке деректерді қорғау талаптары сақталады.

8. Қызмет тиімділігін бағалау

Fab Lab жұмысының нәтижелілігі келесі көрсеткіштер бойынша айқындалады:

іске асырылған жобалар саны;
конкурстар мен чемпионаттардағы жетістіктер;
қатысушы студенттер саны;
өндірістік серіктестермен жасалған келісімдер;
енгізілген инновациялық шешімдер.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Осы Ереже колледж директорының бұйрығымен бекітіледі.

9.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.